

ӘОЖ 159.9(075)  
ҚБЖ 88.4я73

А 95

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редациялық-баспа кеңесі (№5 хаттама 6 наурыз 2018 жыл);  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы  
ҚР БЖТМ-нің жоғары және жоғары білім беруден кейінгі  
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Жаратылыстану  
ғылымдары», «Тұманшарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар,  
экономика және бизнес», «Техникалық ғылымдар және технология»,  
«Өнер» мамандықтары тобы бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі  
мажлісінің шешімімен (№1 хаттама 25 қаңтар 2018 жыл) ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

психология ғылымдарының докторы, профессор *Д.Д. Дүйсенбеков*  
психология ғылымдарының докторы, профессор *Ж.И. Нұмағалиева*  
сайси ғылымдардың докторы, профессор *С.М. Борбасов*

**Ахтаева Н.С.**

**А 95** Басқару психологиясы: оқу құралы / Н.С. Ахтаева,  
А.И. Абдігапбарова, З.Н. Бекаева. – Алматы: Қазақ уни-  
верситеті, 2018. – 452 б.

**ISBN 978-601-04-3336-6**

Бұл оқу құралы Басқару психологиясы курсынан оқылған дәрістер мен  
ұстаздық-тәжірибелік жұмыстардың жемісі болып табылады.

Құралда басқару іс-әрекетінің әлеуметтік-теориялық негіздері, мазмұны мен  
құрылымы, субъект психологиясы, басқару іс-әрекетіндегі перцептивті, мне-  
моникалық, реттеу, ойлау процестері, жетекші интеллектісі, басқару психо-  
логиясының қолданбалы негіздері, іскерлік қарым-қатынае психологиясы,  
башы тұлғасының кәсіби манызды тұнанық сапаларын анықтауға арналған  
әдістемелер, сауалнамалар, т.б. қарастырылды.

Кітапты тек студенттер ғана емес, сонымен қатар практика-психологтар,  
практик-менеджерлер, жоғары оқу орнының ұстаздар қауымы, ғылым док-  
торлары, магистранттары және т.б. басқару психологиясы саласына қызығу-  
шылық танытып жүрген ғылыми қызметкерлер пайдалана алады.

**ӘОЖ 159.9(075)**  
**ҚБЖ 88.4я73**

ISBN 978-601-04-3336-6

© Ахтаева Н.С., Абдігапбарова А.И., Бекаева З.Н., 2018  
© Әл-Фараби атындағы Қазақ УУ, 2018

## КІРІСПЕ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғы-  
ру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз  
жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып,  
рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты  
пікірлері мен көзқарасын білдірді. Мақаланың ел дамуының  
жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келегі ой,  
салықалы пікір, бағыл шешімдерге құрапғаны белгілі. Сондай-ақ  
сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық қолдан айырылып  
қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның  
игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті  
мәселелер баса айтылған [1].

Бұл айтылғандардың білім беру және атқарушы билік  
жүйелеріне үлкен міндеттер жүктейтіні белгілі. Қазіргі заманда  
батыл іскерлік қадамдарға барып, шешім қабылдай алатын  
тұлғаларға деген қажеттілік күннен-күнге артып келеді.

Бұл орайда жастардың тұлға ретінде қалыптасуына, олардың  
ой-өрісінің кенеюіне, болашақ мамандықтары бойынша қызмет  
ету барысында түрлі табыстарға жетуіне көмекші болатын, өз  
ой-пікірлерін, көзқарастарын дәлелдеп, қорғай алу дағдылары  
мен біліктіліктерін қалыптастыратын басқару психологиясын  
элективті пән ретінде енгізу ұсынылады.

Сондай-ақ оқу құралының мазмұны мен құрылымы жоғары  
оқу орындарына жасалған бағдарламаға сәйкес және кредиттік  
оқыту технологиясы талаптарына сай жазылған.

Бүгінгі таңда басқару психологиясы педагогикалық оқыту  
саласында, кәсіби өндірістерде, ғылымдарда әртүрлі іс-әрекет-  
терді жүзеге асыруға көмектін тигізуде.

Осыған орай елімізде туындаған объективтік жағдайлар-  
ға байланысты қазіргі кезеңдегі жоғары оқу орындарындағы  
барлық педагогикалық мамандықтар үшін басқару психоло-  
гиясының білімі жан-жақты және толық ментерілуі қажет. Әсі-  
ресе басқару психологиясы бойынша жоғары оқу орындарын-  
да қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарына сұраныс жо-  
ғары.